«8D02301 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Снабекова Марита Мурзабековнаның «Халықаралық космонимдердің лингвомәдени негізі (қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); **3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.**	Снабекова Марита Мурзабековнаның «Халықаралық космонимдердің лингвомәдени негізі (қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаоар мен стратегиялық талаптарды басшылыққа алған. 1. Қазақстан Республикасының заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 – III (28.08.2021 берілген өзгерістермен және толықтырулармен). Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті», «2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 2.5 Лингвистика, әдебиеттану және фольклористика» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс тақырыбы өзекті, сондықтан да ғылымға өз **үлесін қосады**, зерттеу нәтижесі бойынша тақырыптың **маңыздылығы** айқындалып, зерттеу тақырыбы толықтай **ашылған**. Диссертант зерттеу жұмысында **космонимдерді** тек ғылыми тұрғыда қарастырып қана қоймай, халық танымындағы аспан ілімі туралы тұжырымдарды терең қарастырған.

			Сонымен қатар халықтың түсінікті ғылыми тұрғыда саралап қана қоймай оны өзге халықтардың таным-түсінігімен салыстыра отырып талдаған. Сондықтан зерттеу жұмысын ғылым үшін **елеулі маңызға** ие деп айта аламыз. Диссертациялық жұмыста Халықтық космонимдерді жеке дара емес, мәдениетаралық деңгейде қарастыруға басымдық берген. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін авторпоөзектік зерттеушілердің бастауы саналатын отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына сүйенеді. Атап айтқанда, философия және лингвомәдениеттану салалары бойынша: В.Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Л.Уроф, Л.Толстой, Н.Алефриенко, В.Маслова, А.Кравченко және отындық ғалымдар: Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ә.Марғұлан, А.Сейдімбек, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, Н.Уәли, Х.Әбішев, Т.Жанұзақов, М.Атабаева, А.Салқынбай, Қ.Есенова және т.б. ғалымдардың тұжырымдарына сүйенген. Халықтық космонимдер жүйесін, түрлері мен қызметін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері арқылы негізделген. Диссертант зерттеудің алғашқы бөлімінде жалпы халықтық космоним түсінігі жайында біршама зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып өзіндік тұжырымын ұсынса, соңғы екінші тараудың 2.1-2.2 тараушаларында жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Диссертацияның тағы бір айырықша атап өтетін **ғылыми маңыздылығы** диссертанттың халықтың космонимдердің қазақ/ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің мағыналық топтарын түрлеріне қарай жүйелеген. Нақтырақ айтқанда аспан денелерін тілдік бірліктегі қолданысын, оның нақты екі тілдегі мағынасын дәл ашып көрсеткен.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Снабекова Марита Мурзабековнаның диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі **жоғары**. Зерттеу жұмыстағы тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарияланған

			ғылыми еңбектердегі қағидаларға негізделіп, ізденушінің өзіндік ғылыми пікірімен қорытындыланып отырған. Диссертанттың ойы жинақы, ғылыми тұжырымдарын жүйелі түрде баяндаған, ғылыми стильді жетік меңгерген. Жарияланымдары диссертация мазмұнын толығымен қамтиды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертацияда ішкі бірізділік принципі сақталған, ал зерттеудің өзектілігі жан-жақты әрі ғылыми тұрғыдан дәйекті негізделген. Зерттеу жұмысында халықтық космонимдерге қатысты қазақ және ағылшын тілдеріндегі деректердің мифтік, танымдық, философиялық және символдық маңызы жан-жақты ашып көрсетілген. Сонымен қатар диссертант қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармаларда көрініс тапқан аспан денелерінің екі халық дүниетанымындағы танымдық мәнін саралай отырып, жалпыадамзаттық танымдық модельдердің бар екенін дәлелдей алған.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып, жұмыстың негізгі ғылыми бағытын айқындайды. Жұмыстың тараулары өзара логикалық байланыста беріліп, зерттеу мәселесін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік жасаған. Зерттеу барысында қойылған ғылыми мәселелер жүйелі талданып, нақты тұжырымдармен негізделген.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **толығымен сәйкес келеді**. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазіргі антропоөзекті бағыттың ғылыми-теориялық қағидаларына сәйкес қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің қалыптасуы мен құрлымдық сипатына кеңінен тоқталған. Халықтық космонидердің туыс емес халықтар тіліндегі танымдық, символдық мәнін аша отырып, екі мәдениеттің ерекшелігімен қатар ортақтық көріністерін анықтаған. Бұл мақсатқа сәйкес міндеттер жүйелі түрде нақтыланған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық	Диссертация мазмұны кіріспеден, екі тараудан, әр тараудың ішкі тармақшаларынан, қорытынды мен

		байланысқан:	пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		1) толық байланысқан;	Зерттеудің тараулары өзара сабақтасып, ғылыми **тұтастық сақталған**. Әр бөлімде тақырыпқа қатысты өзекті мәселелер жан-жақты талданған. **Бірінші тарауда** Халықтық космонимдердің жүйесін зерттеудің тілдік-әдіснамалық негіздері қарастырылып жалпы космоним түсінігі, оның тілдегі көрінісі мен семантикалық даму өзгеріс мәселелері талданған. Бұл тарау зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырады. **Екінші тарауда** Қазақ және ағылшын тілі деректеріндегі халықтық космонимдердің лингвомәдени-танымдық құрылымы негізінде аспан денелерін фразеологиялық бірліктер, макротоптар аясында қарастырылып, олардың мағыналық және тақырыптық топтарына тоқтала отырып жүйеленген. Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері жинақталып, теориялық тұжырымдар жасалған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу жұмысын орындаудағы ғылыми дереккөздердің кең ауқымын дәлелдейді.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдармен салыстырылып, жан-жақты сыни талдау негізінде жасалған. Ізденуші космонимдерді жинақтау барысында үздіксіз іріктеу әдісін қолданып, тілдік материалдарды сұрыптауда Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Маңкеева ұсынған фразеологиялық корпус құру қағидаларын басшылыққа алған. Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық, түсіндірме және этнографиялық сөздіктерінен жиналған 1000-нан астам бірлік ішінен мағыналық өзегі «Ай», «Күн», «Аспан», «Жұлдыз» космонимдері болып табылатын тілдік бірліктер іріктеліп, олардың құрылымдық, семантикалық, танымдық және лингвомәдени ерекшеліктері жан-жақты талданған. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін арттыра түскен.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа Диссертантлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Снабекова Марита Мурзабековнаның диссертациялық жұмысында алынған ғылыми нәтижелер **толығымен жаңа** деп айтуға болады. Диссертацияның ғылыми жаңалығы қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің мифологиялық негіздерін, танымдық табиғатын және символдық қызметін салыстырмалы аспектіде қарастыру арқылы туыстас емес халықтардың дүниетанымындағы ортақтық пен ерекшелікті анықтауымен сипатталады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа.** Диссертацияның қорытындылары зерттеу барысында жүргізілген теориялық және практикалық талдаулар негізінде алынған және қойылған мақсат пен міндеттердің толық орындалғанын көрсетеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және **негізделген.** Аталмыш зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажет етпейді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертант тарапынан ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, жұмыстың ғылыми жаңалығы, ғылыми деректер, **барлық қорытындылары ауқымды дәлелдемелерде негізделгенін** көрсетеді. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел: - Аспан, Ай, Күн, Жұлдыз – әлемге ортақ астрономиялық атаулар, осы ортақ әлемді әр ұлт өзінше көріп-біліп, өзінше түсінеді, өзіндік таным жолын қалыптастырады, өз әлемінің тілдік бейнесін жасайды; халықтық космонимдер – халықтың осы аспан шырақтарына ғылымға дейін-ақ есте жоқ ескі замандарда берген, көзге арнайы құралсыз көрінетін ғарыш нысаны атауы, адам баласының телескопты ойлап тапқанға дейінгі танымдық жемісі. - Аспан, жұлдыздар әлемі туралы түсінік мал өсіріп, егін салатын халыққа аспан мен жердің арасын, жыл мезгілдерінің

			ауысу себептерін, жіті қадағалап, терең зерделер, егін егетін, мал төлдететін уақыттарын жобалап, межелеп біліп, табиғаттың, ауа райының әр түрлі жағдайлармен үйлесе өмір сүру үшін қажет болады; бұл қажеттілік алғашқы күнтізбені туғызды, сондықтан халықтық космонимдер – жүйесі халықтық күнтізбе жасау құралы, халықтық күнтізбе өркениет өзегін құрайды. - Қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің құрлымдық, мағналық-тақырыптық топтарының салғастырмалы, салыстырмалы тұрғыда сарапталып, зерттелуі туыс емес екі тілдік ортақтық және өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. - Қазақ және ағылшын тілі деректеріндегі халықтық космонимдер - ұлттық дүниені тануы мен қабылдауынан қалыптасқан дәстүрлі білім жүйесіне негізделетін аксиологемалық феномен; халықтық космонимдер – көп қырлы: заттық мәдениет және рухани мәдениет деректерін таңбалайтын лингвомәдени бірлік; құндылық мәнді бірліктер ретінде және коммуникативтік – тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөз орамы ретінде қарастырылады. - Қазақ және ағылшын тілдеріндегі халықтық космонимдердің лексика-семантикалық топ деңгейінде анықталып, этномәдени мазмұнның ашылуы салғастырылып отырған туыс емес тілдердің біршама тұтас бейнесін жасау мүмкіндігін туғызады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? **1) ия;** 2) жоқ;	Диссертацияда қорғауға ұсынылған әрбір негізгі ереже теориялық тұжырымдармен, салыстырмалы лингвистикалық талдаулармен және нақты тілдік материалдармен негізделіп **дәлелденген.** Атап айтқанда, қытай 7.1 **Қағидаттары дәлелденген**. 7.2 **Тривиалды емес** 7.3 **Иә**, диссертанттың зерттеу жұмысында қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттары **жаңа.** 7.4 Диссертацияның негізгі қағидаттарының **қолданылу аукымы кең.** 7.5 Диссертация тақырыбына қатысты 14

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	мақала жарияланған оның ішінде 6 мақала ҚР ҒЖБССҚ ұсынған ғылыми басылымдарда және 6 мақал халықаралық конференциялардың материалдар жинағыда, 2 мақала шетелдік халықаралық журналдарда жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – **негізделген** немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы **негізделген,** дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеу әдіснамасы толық сипатталған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, ғылыми әдебиеттерді талдау, ой қорыту, сараптау, жинақтау және жалпылау әдістерін, *сипаттамалы-талдау әдісі, антропоцентристік парадигма, статистикалық талдау,* сондай-ақ теориялық зерттеу тәсілдерін қолдану арқылы алынған
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	**Ия**, Бұл диссертациядағы теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтардың ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, практикалық материалдар арқылы **расталған**ын көрсетеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысындағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасаумен **расталған**.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті.** Диссертацияда 126 әдебиетке шолу жасалған, электронды және басқа да дереккөздер жеткілікті пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның **теориялық маңызы жоғары** деңгейде деп бағалауға толық негіз бар. Зерттеу жұмысының теориялық маңызын тақырыптық өзектілігі анықтайды. Космонимика ономастиканың кенжелеу дамыған саласы болғанымен, ізденушінің халықтық космонимдерді мағналық-тақырыптық топтарға, лексика-семантикалық топтарға тататып, салғастырмалы түрде зерттеу, қазақ және ағылшын тілдеріндегі космонимдерді лингво-танымдық, лингвомәдени ақпарат көзі ретінде талдап зерттеуге құрылған зерттеу жұмысының тұжырымдары мен материалдары космонимика саласында, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерде, антропоөзектік бағыттағы этнолингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика салаларына белгілі дәрежеде **елеулі үлес** қосады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған	Диссертация нәтижелерінің практикалық маңызы **жоғары.** Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық еңбектің

		нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	ғылыми нәтижелерін «Жалпы тіл білімі», «Семасиология», «Лексикология» сияқты пәндер мен мәнениетаралық қатынас, тіл тарихы, этнолингвистика, пәндерінде көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Снабекова Марита Мурзабековнаның «Халықаралық космонимдердің лингвомәдени негізі (қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сәйкес келеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертанттың академиялық жазу сапасы **жоғары** деңгейде. Диссертация аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның мазмұнына және жазылуына байланысты ізденушіге төмендегі ескертпе-ұсыныстарды айтқымыз келеді: 1. Диссертация мәтінінде жекелеген техникалық және орфографиялық қателер кездеседі. Мысалы, 13-бетте «*астероидт*» түрінде қате жазылған, дұрысы – «*астероид*». 17-бетте «*Ниль*» деп қате жазылған, дұрысы «*Ніл*», және «*тұрымтық қажеттіліктен*» дұрысы «*тұрмыстық қажеттіліктен. Сондай-ақ кей жерлерде тыныс белгі, әсіресе, тырнақшадан кейін қойылатын сызықша дұрыс қойылмаған.* 2. Ғылыми аппараттың кейбір тұстарындағы сөйлемдер шамадан тыс күрделі әрі көпқұрамды болып келеді. Мұндай құрылым ғылыми стиль талаптарына сай болғанымен, мәтіннің оқылымын ауырлатады. Сөйлем құрылымын ықшамдау мәтіннің түсініктілігі мен оқылымдылығын жеңілдете түсер еді. атап айтар болсақ, диссертанттың қорғауға ұсынылатын тұжырымдарындағы сөйлемдер. Жалпы мәтін бойынша жекелеген сөйлемдердің құрылымын ықшамдау, ойды бірнеше қысқа сөйлемдерге бөлу мәтіннің стильдік сапасын арттыра түсер еді. Бірақ бұл айтылған ескерту диссертацияның ғылыми тұрғыдан құндылығына, практикалық маңызына нұқсан келтірмейді. Алайда, бұл көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың жалпы мазмұнына өзіндік көлеңкесін түсірмейді деп ойлаймыз.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда	Ізденушінің академиялық жазу дағдысы қалыптасқан. Тақырыпқа сай жазылған мақалалары зерттеу методологиясының заңдылықтарын сақтайды. Зерттеу сұрағына жауап беретін теорияларды талдауда тиімді қолданылған	

	ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28-тармағына сәйкес)	Сонымен, қорыта айтқанда, шешіміміз: Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Снабекова Марита Мурзабековнаның «Халықаралық космонимдердің лингвомәдени негізі (қазақ және ағылшын тілі деректері бойынша» тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық, тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс дей келе, **«8D02301 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін** алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университеті Академик С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD **Ш.Д. Куттыбаев**

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
ҚАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
УДОСТОВЕРЯЮ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ